



Жалағаш жаршысы



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Үкімет

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электр энергетикасын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Онда Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, энергетика министрі Ерлан Аққенжетов, энергетика секторы ұлттық компанияларының өкілдері баяндама жасады.

Электр энергетикасын дамыту – міндет



Энергетика министрлігінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанның электр жүйесі Ресей Федерациясы мен Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйелерімен қатар штаттық режимде жұмыс істейді. Бүгінгі таңда цифрландыру сапаны жаңғыртудың негізгі құралына айналуда. Технологияларды өңізудің стратегиялық шаралары мен кезеңдерін айқындайтын Цифрлық трансформация картасы әзірленіп, бекітілді. Энергетика саласында 43 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның 99 пайызы онлайн режимінде қолжетімді. 2027 жылға қарай цифрлық мониторинг электр және жылумен жабдықтау процестерінің жарысын қамтиды. Премьер-министр энергетика саласы әлемдік экономикада маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Электр энергетикасының дамуы ірі тау-кен металлургия кәсіпорындарынан бастап шағын бизнеске дейін бүкіл өнеркәсіп саласының өсу қарқынына тікелей әсер етеді. Сондықтан Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына өте ауқымды міндет қойып отыр, яғни 2035 жылға дейін жалпы қуаты 26 гигаватт болатын жаңа энергия көздерін іске қосымыз керек, – деді Олжас Бектенов.

Қазіргі таңда елімізде дестүрлі генерациямен қатар, жаңартылатын қуат көздері мен атомдық энергиясын дамыту бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде. Сонымен бірге қолданыстағы энергия көздері мен коммуналдық желілерді жаңғырту және кеңейту шаралары іске асырылуда. Республиканың Батыс аймағын бірыңғай энергетикалық жүйемен біріктіру, сондай-ақ Оңтүстік аймақтың желілерін күшейту жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба еліміздің энергетикалық жүйесін ілгерілетуге және оның дербестігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндіктен, KEGOC компаниясына сапаны сақтай отырып, жұмысты жеделдету тапсырылды. Әрбір пайыз қосылған қуат көзі экономиканың өсуіне, жаңа инвестициялардың келуіне жол ашатыны атап өтілді.

Олжас Бектенов бірқатар мәселеге назар аударды, соның ішінде кез келген энергия жүйесінің тұрақтылығы маневрлік қуаттардың бар-жоғына байланысты, Кейінгі жылдары жүктеме артқан сайын оның тапшылығы да анық байқалып келеді. Бүгінде қажетті көлем электр энергиясын қайта бағыттау арқылы толықтырылып отыр, бірақ энергияны тұтыну қарқыны жылдан-жылға арта бермек. Электр қуаты жаңа өнеркәсіп орындары, деректерді өңдеу орталықтарын іске қосу, цифрлық технологиялар мен инфрақұрылымды дамыту үшін қажет. Ал ол үшін энергетика саласы қарқынды дамуы тиіс, сондықтан атом энергетикасына баса мән беріліп отыр.

Премьер-министр жоспарланған барлық энергетикалық жобаны уақтылы жүзеге асырып, жаңа технологиялық шешімдерді, соның ішінде энергияны жинақтау жүйелерін және гибриді электр станцияларын іске қосудың маңыздылығын атап өтті. Бұл ретте цифрландыру энергия тиімділігін арттырып қана қоймай, бүкіл саланың сенімді жұмысын қамтамасыз ететін негізгі құрал болуы тиіс.

Цифрлық трансформациялау белгіленген мерзімдерге сай, мүдделі барлық мемлекеттік органдар мен құрылымдар арасында нақты үйлесімді түрде жүргізілуі тиіс. Бұл жұмыстың басты мақсаты – энергетикада және жалпы экономикада шынайы әрі сапалы өзгерістерге қол жеткізу. Отырыста Олжас Бектенов жауапты мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

Е.АНУАРҰЛЫ

2025 жылғы 26 қазандағы Жалағаш аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына өткен сайлау қорытындылары туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 14, 44, 111, 112 баптарына сәйкес 2025 жылғы 26 қазанда №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Жалағаш аудандық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 1801 азамат енгізілді. Дауыс беруге 1161, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 16 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаты сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№8 сайлау округі бойынша: Кандидат Асылбекұлы Фараби үшін сайлаушылардың 116 дауысы берілді.

Кандидат Сариева Салтанат Сергеевна үшін сайлаушылардың 101 дауысы берілді.

Кандидат Шоменова Лайла Шарипканиевна үшін сайлаушылардың 912 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 11.

Сайлау қорытындысымен №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты болып Шоменова Лайла Шарипканиевна сайланды. 1976 жылы туған, №118 орта мектеп, мектеп директоры, Жалағаш ауданы Таң ауылында тұрады. «Ауыл» партиясының мүшесі, «Ауыл» партиясының филиалы ұсынған. Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына сайланған Шоменова Лайла Шарипканиевна 2025 жылы 29 қазанда Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты ретінде тіркелді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Бірлік пен берекенің бастауы

Өткен сенбіде Республика күні ұлттық мерекесі мен «Алтын күз» мерекесі Жалағаш ауданында жоғары деңгейде аталып өтті. Шара уыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесімен басталды. Жер-ананың жемісін, ел еңбегінің нәтижесін паш еткен жәрмеңке даланың дархан мінезін, қазақ еңбегінің қасиетін сездірген ерекше күн болды. Іс-шараның мақсаты – жергілікті шаруалардың өнімдерін халыққа қолжетімді бағамен ұсыну және отандық тауар өндірушілерді қолдау. Жәрмеңкеде тұрғындар қажетті азық-түлігін арзан бағамен алып, отандық өнімнің сапасына жоғары баға берді.

Жұрт көңілінен шыққан жәрмеңке

Таңертеңнен бастап аудан орталығындағы алаңда халық көп жиналды. Бұл күн – нағыз еңбек мерекесіне айналды дегуге болады. Себебі жәрмеңкеге ауданға қарасты барлық ауылдық округ атсалысты. Сөрелерде жергілікті шаруалар мен кәсіпкерлердің өз қолымен дайындаған табиғи өнімдері, көкөніс пен жеміс-жидек, ет және басқа да азық-түлік қойылды. Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев жәрмеңке барысын өз бақылауында ұстап, бағалардың тұрақтылығына ерекше назар аударды. Барлығы 60 автокөлікпен ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізілді. Жалпы құны 40 миллион 960 мың теңгеді құрайтын азық-түлік тауарлары тұрғындарға ұсынылды. Жәрмеңке барысында халыққа барлығы 164,7 тонна өнім қолжетімді бағамен сатылды. Оның ішінде 38 тонна күріш, 30 тонна картоп, 20 тонна піяз, 20 тонна асқабақ, 5 тонна қауын, 5 тонна қарбыз, 10 тонна сәбіз, 4 тонна қызанақ, 3 тонна қияр, 3 тонна болгар бұрышы, 3 тонна қырыққабат, 2 тонна баклажан, 3 тонна қызылша, 1 тонна жылқы еті, 1 тонна сиыр еті, 1 тонна алма, 1 тонна балық бар. Сонымен қатар 5 тонна жем, 300 жоңышқа пресс, 500 шөп пресс аудан тұрғындарына арзан бағада сатылды.

Жәрмеңке алаңына жиналған жұрттың арасында жасы да, үлкені де бар. Барлығының мақсаты бір, қыс қамын ерте жасау. Соның бір жасы ұлғайса да әлі тың Тынымкүл Мусәева айаймыз жәрмеңке көркін қыздырып жүр.



Бәрекедді!

Партия қатары толықты

«Аманат» партиясы аудандық филиалында салтанатты түрде партия қатарына жаңадан қабылданған мүшелерге партиялық билеттер табысталды. Іс-шарада партия филиалының төрағасы Өмірзақ Елеусінов Республика күнімен құттықтап, партияның негізгі мақсат-міндеттері, қоғамдық жауапкершілігі мен ел дамуына қосып жатқан үлесі туралы кеңінен айтып, жаңадан қосылған азаматтарға үлкен сенім артылатынын жеткізді.

– «Аманат» партиясының басты мақсаты – халықтың әлеуметтік жағдайын дұрыстау. Сонымен қатар әділетті қоғам құруға күш салып, азаматтардың құқығын қорғау. Еліміздегі барлық мәселені қамтып, осыған дейін бірнеше бағыттан тұратын ауқымды бағдарлама түзген «Аманат» партиясына ел сенім артып келеді. Бүгін де соның куәсі болып отырмыз. Партия қатарының толығы – бұл сөзіміздің нақты айғағы. Жаңа партиялық билет алып жатқан әріптестерімді құттықтаймын. Ұлық ме-



– Үйге қажетті картоп, сәбіз, қызылша алдым. Бағалары көңілімнен шықты. Мұндай жәрмеңкелердің жиі ұйымдастырылып тұрғаны дұрыс, халыққа өте пайдалы. Егіннің молшылығы елдің ырысы, халықтың несібесі ғой. Еңбегімен елге өнім ұсынып жүрген шаруаларға ризамыз, – дейді ақжарма тілегім бөліскен аламыз.

Береке мен молшылық мерекесінде көрсекен таныстар амаңдық сұрасып жатыр. Бұл күн аудан халқы үшін тек сауда алаңы ғана емес, елдің ынтымағын, бірлігін, дәстүрге деген құрметін айшықтаған мерекелік сәтке айналды.

Жәрмеңкеге атсалысқандар арасында Таң елді мекені де бар. Бұл өңір тұрғындары былғыш шараға ерекше дайындықпен келіпті. Таңдық шаруалар аудан орталығына 2 тонна күріш жеткізген. Өнім сапасы жоғары, бағасы да тиімді деңгейде ұсынылды. Мәселен, өткен жылы күріштің бір қабы 8000 теңгеден сатылса, биыл оның бағасы 6000 теңге көлемінде болды. Ал күріштің келісі небәрі 240 теңгеден сатылып, тұрғындар тарапынан үлкен сұранысқа ие болды.

Жәрмеңкеде ет пен көкөніс өнімдерімен қатар балық та саудаға шығарылды. Аудан тұрғындарына балғын өнім ұсынғандардың бірі – «Алтын балық» жеке кәсіпкерлігі. Кәсіп иелері жәрмеңкеге 200 келі балық өнімдерін әкелген. Өнім экологиялық таза, бағасы да халыққа ыңғайлы, сазан мен лақаның келісі 1500 теңгеден, ал қарас 700 теңгеден саудаға шығарылды.

Тұрғындар балық өнімдеріне де қызығушылық танытып, бұл бөлімнің де саудасы қыза түсті. Мұндай шаралар жергілікті кәсіпкерлерге өз өнімдерін көңінен ұсынуға, тұтынушылармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беріп отыр.

Жәрмеңкеге Қызылорда қаласынан келген жеке кәсіпкер «Қылыш» ЖК да өз үлесін қосты. Кәсіп иесі аудан тұрғындарына 5 тонна ет өнімін жеткізіп, оны келісін 2600-2700 теңгеден халыққа ұсынды.

Иә, берекелі күздің бұл жәрмеңкесі ауыл еңбеккерлері жұмысының жемісін ел игілігіне ұсынған мерейлі шара болды. Республика күні де егін орағы аяқталып, қамбаға астық құйылған сәтке тұспа-тұс келді. Елдің еңсесін көтеріп, халықтың ризашылығын тудыратын шара келешекте де жалғасын тауып, аудан экономикасының дамуына серпін беретіні сөзсіз.

Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылған шаралар салтанатты түрде Қазақстан Республикасының туын көтеру рәсіміне ұласты. Мемлекеттік рәмізге құрмет көрсетіліп, шараға қатысқан тұрғындар әнұранды қосыла шырады. Бұл сәт мерекелік күннің маңызын айшықтап, елдің рух пен бірліктің айғағына айналды. Мерекелік шара жаңадан стадионның ашылуымен жалғасып, спорт алаңының жаңа кезеңі басталды.

Стадион стандартқа сай жаңғыртылды

Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» жобасы аясында Жалағаш ауданындағы «Наркескен» спорт алаңы қайта жаңғыртылды. Бұл – аталған бағдарламамен реновацияланған алғашқы стадион алаңы. Шараның салтанатты ашылу рәсіміне ҚФФ жарыстарды ұйымдастыру дирекциясының директоры Бақытжан Пазылхайыр, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешов, сондай-ақ аудан тұрғындары қатысты. Жиында құттықтау сөз сөйлеген Бақытжан Пазылхайыр аудан тұрғындарын ұлттық мереке Республика күнімен тұспа-тұс келген нысанның ашылуымен құттықтады.

– Барлық спорттың негізі – инфрақұрылым. Талантты балалардың өсуіне, жоғары жетістіктерге жетуі үшін осындай алаңдар, үлкен спорт кешендері қажет. Бүгінде Қазақстан Футбол федерациясы республика бойынша осындай тоғыз алаңды жаңартуда. Бүгін сондай ауқымды жұмыстардың бірін көріп отырсыздар. Жалпы аймақтың спорт саласында 20-ға жуық спорт нысаны пайдалануға беріліп жатыр. Күні кеше Қызылорданың сол жағалауынан «Қайсар Арена» стадионы іске қосылып, оған халықаралық сарапшылар жоғары баға берді. Дәл осындай жағдай жасалып жатқан өңірде болашақ чемпиондар да көп болады деп сенемін, – дейді ол.

Жалғасы 2-бетте



партия белсенділері мен жақтастарына аудандық партия филиалы атынан алғыс хаттар табысталды. Бұл – олардың адал еңбегіне көрсетілген құрмет пен жоғары баға.

Басқосуда марапат төрінен көрінгендер қатарында мектеп директоры Ерлан Жүсіпбеков те бар. Көрсетілген құрметке ризашылығын білдірген ол алдағы уақытта да патриизм бірлесіп, жарқын жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

– Бүгін партияның аудандық филиалы төрағасының қолынан алғыс хат алып жатырмыз. Кішкене де болса еңбектің елестенгені жақсы ғой. Бүгін де сондай бір қуанышты сәттің куәсі болып отырмыз. Партия қатарының жыл сайын толығыу елдің бұл партияға деген сенімінің артқанын аңғартса керек. Сондықтан жаңа билетті қолына алған барша жерлесімді құттықтаймын. Мереке баршамызға тағы да құтты болсын, – деді ол.

Шара соңында қатысушылар алдағы уақытта да ортақ мақсат жолында бірлесіп еңбек етуге дайын екендерін жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Алтын ұя

Кәсіптік білімнің негізі



Аудандық индустриалды-аграрлық колледж заман талабына сай жұмыс жасап, жастардан кәсіби маман шығаруда қажырлы еңбек етіп келеді. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті маман даярлау. 60 жылдан астам тарихы бар оқу орнында бүгінге дейін 25 мыңнан астам түлек түрлі мамандықты игеріп шыққан. Олар қазіргі таңда еліміздің ауыл шаруашылығы және басқа да салаларында серпін қалыптастыруға өз үлесін қосуда.

Қазіргі таңда колледждің материалдық базасы нығайып, шаруашылықтарға және елдің экономикасына қажетті жаңадан мамандықтар ашылып, жұмыс істеуде. 450 орынға арнап салынған оқу орнында 242 студент ауыл шаруашылығын механикаландыру, денекерлеу, электр жабдықтары мен тамақтандыруды ұйымдастыру мамандықтары бойынша білім алуда. Быыл 78 талапкер бұл оқу орнының студенті атанып кәсіби білімнің алғашқы баспалдығына қадам басты.

Мұндағы студенттердің сапалы білім алуы үшін ауыл шаруашылығын механикаландыру және тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы бойынша қажетті құрал-жабдықтар сатып алынған. Мәселен, тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы бойынша көкөніс ұсақтағыш, ет турағыш, қамыр илеп, оны жайып кесетін арнайы құрылғылар оқу үдерісі кезінде қолданылып, студенттердің сапалы білім алып, білікті маман болып даярлануына пайдаланылады. Аталған құрал-жабдықтармен танысу үшін арнайы аспаз мамандарын дайындайтын кабинетке қарай бет алдық. Барсақ, білікті маман Ақкенже Шідербаева студенттерге түрлі тәттілерді дәмді пісірудің әдіс-тәсілін үйретіп жатыр екен. Ол алғаш еңбек еткен жылдары ешқандай құрал-

жабдықтың болмағанын айтып, пешке от жағып, қолмен су тасыған күндерін еске алды. Ал қазір заман талабына сай сатып алынған техникалардың көмегімен жұмыстары жеңілдегенін айтады.

– Студенттер асханаға кірген күннен тамақ пісірмейді. Ең алдымен теория жүзінде түсініп, тамақтандыру кәсіпорындарындағы вертуалды әлемді көрсететін арнайы 3D көзілдірігінің көмегімен қажетті құрал-жабдықтармен танысып, техника қауіпсіздігін үйренеді. Үйренген білімін дәлелдеу мақсатында арнайы тест арқылы сынақтан өтеді. Содан кейін ғана іс жүзінде жұмыс істейді. Сондай-ақ студенттер арасында быыл «Үздік жас аспаз» байқауы ұйымдастырылды. Бұл байқауда жастар сабақ барысында үйренген тағамдарын әзірлеп, көпшілікке ұсынды. Сондай-ақ мектеп оқушыларының қатысуымен де түрлі шеберлік сағаттар өтеді, – дейді Ақкенже Шідербаева.

Сонымен қатар мұнда білім алушыларға 20 пән кабинеттерімен шеберханалар қарастырылған. Студенттердің сұранысына сәйкес қазіргі таңда 50 орындық жатаханада 13 студент бар. Сондай-ақ барлық білім алушыға шәкірт ақы тағайындалған.

Кітапхана қорында арнайы – 10234 оқулық болса, оның ішінде оқулық,



арнайы пән мен көркемәдебиет қамтылған «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында студенттердің қатысуымен түрлі шаралар, әдеби танымдық кештер өткізіліп тұрады. 2023 жылы CWORKING орталығы ашылып, арнайы бір кабинетті керекті құрал-жабдықпен жабдықтаған. Мұнда білім алушылар сабақтан тыс уақыттарын тиімді өткізіп, кітап оқып, дойбы, шахмат сынды ойындарды ойнауға мүмкіндіктер қарастырылған.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысшы мамандықтарының бөделін арттыру мақсатында және техникалық-кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру мақсатында 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланғаны белгілі. Бұл экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар атқарылған. Жыл басында колледж аудан мектептерімен ынтымақтастық туралы меморандумға отырған. Осы орайда «Мамандығым – болашағым» тақырыбында жас жұмысшы мамандармен кездесу өткізілді. Мектеп оқушылары аталған колледжден білім алып, қазіргі таңда ауданымыздың өркендеуіне үлесін қосып жүрген түлектермен кездесіп, олардың еңбектегі тәжірибелерінен үлгі алды. Мұндай кездесулер жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, кәсіптік білімнің артықшылығын ұғындыруға ықпал етеді. Аудан мектептерінің оқушыларын қатыстыра отырып, колледжде 15 ашық сабақ, 5 шеберлік дәрісі өткізілген.

Болашақ механизатор

Таңғы мезгіл. Кезекті сұхбат. Нысан – Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі. Оқу ордасында балалығы әлі басыла қоймаған жастардың күлкісі мен қимылы айналаға ерекше жылылық сыйлайды. Ауыздарында бір әуен, үзіліске өнтеліп шығып барады. Сол жастардың ортасында елпілдеп жүрген Сұлтан да бар. Ол оқу орнының үшінші курс студенті екен.

Бүгінгікейіпкеріміз–ауылшаруашылығын механикаландыру мамандығы бойынша білім алып жүрген студент. Көбісі ата-ана кеңесімен келсе, бұл сала – Сұлтанның өз таңдауы. Қызығушылықтан бұрын өз өміріне деген жауапкершіліктен туындаған мақсатты көбірек аңғардық еңгімесінен. Ол бүгінде мамандығын терең меңгеріп, кәсіби шеберлігін арттыруға бар күшін салуда. Төлембай Сұлтан таңдаған бағыт қазіргі уақытта ел экономикасы үшін де, ауыл өмірі үшін де аса маңызды екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Сұлтан теориялық біліммен қатар, тәжірибелік дағдыларды да жетілдіруге ерекше көңіл бөледі.

– Мен таңдаған мамандық – өміршең сала. Қазір ауданымызда кәсіптік мамандарға сұраныс жоғары. Техниканы меңгерген, ісіне жауапты мамандар ауыл шаруашылығына қашан да қажет. Жалағаш аграрлық аудан болғандықтан ертең дәл осы мамандықпен жұмыссыз қаламын деген де уайым жоқ, – дейді ол.

Болашақта Сұлтан туған жері Ақсу өңірінде еңбек етіп, аймақтың дамуына үлес қосуды армандайды. Ол әсіресе ауылда еңбек етіп жүрген «Сәрке батыр» жеке кәсіпкерлігінің жұмысымен танысып, сол ұжымның бір бөлігі болғысы келетін де айтты.

– Мүмкін, алдымен ескери борышымды өтеп, кейін Алматы қаласында осы мамандықтың жоғары білім алармын. Екі ойдамын, уақыт көрсетеді ғой. Әзірге басты мақсатым – мамандықты толық меңгеріп, жақсы маман болып қалыптасу, – дейді ол сабырмен.

Ауыл шаруашылығы – елдің тірегі. Техника мен еңбектің тіліл меңгерген адам ешқашан жұмыссыз қалмайды. Болашақ білікті маман болуды мақсат еткен студент колледжде алған білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында өндірістік оқу сабақтарында да белсенділік танытады. Трактор мен ауыл шаруашылығы машиналарының құрылысын зерттеп, жұмыс істеу жүйесін егжей-тегжейлі үйреніп жүр. Оқытушылары оның жауапкершілігі мен ұқыптылығын ерекше атап өтті.

– Сұлтан – ізденімпаз, талапты студент. Берілген тапсырмаларды тапқырлықпен орындайды. Техника саласына шын қызығушылығы бар, – дейді арнайы пән оқытушысы Берекет Нұржан.

Сұлтан бос уақытында спортпен де шұғылданады, техника жаңалықтарын оқиды. Әлеуметтік желіден ауыл шаруашылығына арналған заманауи құралдар туралы бейнематериалдар қарап, жаңашылдыққа ұмтылады.

Ауыл шаруашылығы – Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі. Бүгінде еліміздің көптеген колледждері бұл мамандық бойынша білім береді. Соңғы жылдары бұл салада жаңа технологиялар мен заманауи техникаларды өңгізу қарқынды жүріп жатыр. Сол себепті «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығына деген сұраныс та арта түсуде. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің дерегі бойынша 2025 жылға дейін агросекторда 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сондықтан еңбек нарығында бұл бағыттағы жас мамандарға



тұрақты сұраныс бар және болашақта да арта береді.

Мұны Сұлтан ерте түйсінген. Адамды алға жетелейтін күш – өз жүрегің. Мемлекет қаржысы – сапалы білімге, сапалы кадрға жұмсалсын. Талапкерлер таппынысқа толы қадамымен келсін. Әр бауыр еті баласының болашағына алаңдаған ана көңілі риза болсын. Жай емес дана Ана!

Біздегі тілек те сол – арманын арқалаған әр жас өз жолын тапсын. Мемлекет қаржысы – сапалы білімге, сапалы кадрға жұмсалсын. Талапкерлер таппынысқа толы қадамымен келсін. Әр бауыр еті баласының болашағына алаңдаған ана көңілі риза болсын. Жай емес дана Ана!

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Білікті маман даярлау – кез келген елдің келешегін айқындайтын маңызды іс. Осы бағытта еңбек етіп жүрген жанның бірі – Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің ұстазы Берекет Нұржан. Ол – өз ісіне адал, шәкірт тәрбиелеуді өмірінің басты мұраты санаған педагог. 2020 жылдан бастап оқу ордасында ұстаздық жолын бастаған ол ауыл шаруашылығын механикаландыру және фермер мамандығы бойынша талай шәкірттің бойында білім шырағын жақты.

Ұлағатты ұстаз



– Жоғары оқу орны кәсіптік білім беру бойынша тәмамдадым. Қыздар жағы аспаздық пен тігіншілік бағытын таңдаса, ер балалар ағаш ұстасы сияқты салаларды меңгерді. Ал мен өз қалауыммен машина жөндеу өнеркәсібін таңдадым, – дейді Нұржан Серікұлы.

Педагог студенттерге теориялық бағыттағы дәрістер береді. Сабақтарда техника түрлерін басқаруды, олардың құрылымы мен қызметін түсіндіреді. Ал практикалық және өндірістік оқитуды тәжірибелі шеберлер жүргізеді. Білім алушылар ангарда болып, машинаны айдау, жөндеу тәсілдерін үйренеді. Қазіргі таңда кәсіптік білім беруші бітіруші 3-курс студенттеріне дәріс беріп, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін қалыптастыруға үлес қосып келеді. Жас та болса оның шәкірттері олимпиадаларда үздік нәтиже көрсетіп жүр. Былтыр студенті Мейірман Ақниетпен бірге Байқоңыр қаласында ұйымдастырылған «Мамандығым – жетістігім» атты халықаралық байқауда бақ сынап, бірінші орын иегері атанған.

– Сайыс барысында оқушым Ақниет күн энергиясымен жұмыс істейтін комбайн жобасын ұсынды. Бұл жоба қазіргі комбайндардың барлық қызметін толық атқара алады. Ең басты ерекшелігі – күн сәулесінен қуат алып, жанармай шығынын азайтып, экологиялық тиімділікті қамтамасыз етеді. Шәкіртім ұсынған техника үлгісі ауыл шаруашылығы саласында энергия үнемдеудің және баламалы қуат көзін пайдаланудың тиімді мүмкіндігін көрсете алды. Төресілер тарапынан жоғары бағаға ие болған жоба нәтижесінде халықаралық бәйгеңіз бас жүлдесі бұйырды, – дейді ұстаздық бағыттың жемісін көріп жүрген білікті маман.

Аудиторияға енген сәттен оның сабағына деген жауапкершілігі мен сүйіспеншілігі сөзілді. Ол көлік құрылысын түсіндіру барысында әр бөлшектің маңызын нақты мысалдармен ашып көрсетіп жатыр. Түсіндіру мәнері ұғынықты, сөзі анық. Тіпті техника жайынан хабары аз бізді елітіп өкетті. Кәсіптік білімнің мәні – тек маман даярлауда емес, сонымен бірге жастарды еңбекке баулып, жауапкершілікке үйретуде. Бұл тұрғыда ұстаздың ізденімпаздылығы мен әдістемелік шеберлігі де мол екеніне көзіміз жетті.

Оның әр сабағы – жоспарлы, жүйелі. Ізденуден жалықпайтын ұстаз Қызылорда қаласындағы колледждер арасында өткен жарысқа ерекше жобасымен қатысқан. Ол шәкірттерімен бірге қар жинау машинасын құрастырып алып барды. Бұл техниканың ерекшелігі – алдыңғы бөлігі қарды жинап, артқы прицепке жеткізіп отырады. Жылыту жүйесі арқылы қар суға айналып, көлемі кішірейеді. Қарапайым жағдайда техника үш көшенің қарын тазаласа, өнертапқыш ұсынған машина он көшенің қарын тазалауға қауқарлы екен.

Agro Skills – бұл ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіби шеберлік байқауы. Толығырақ айтқанда, жарыстың ауыл шаруашылығына бейімделген түрі. Мұндай байқаудың мақсаты – агроөнеркәсіп кешеніндегі жас мамандардың кәсіби шеберлігін анықтау. Онда колледж студенттері мен жас мамандар механизация, агротехника, зоотехника, ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу және құрастыру сияқты бағыттар бойынша өз білімін көрсетеді.

Ұстаздың келесі ойға алған байқауы да Agro Skills бағыты бойынша өтпек. Бұл жолы да ол шәкірттерімен бірге тың идеяны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Қазірдің өзінде дайындық жұмыстары басталып кеткен. Таңертең сабақ өткізсе, түстен кейінгі уақыт түгелдей тыңғылықты дайындыққа арналған. Ол үшін бұл – жәй жарыс емес, шәкірттерінің шеберлігін шыңдаудың, тәжірибе жинаудың үлкен мүмкіндігі. Жас маманның алғыр идеясын көріп, оның үлкен шабыт иесі екенін бағаладық. Шағын ғана кабинеттен ұлы дүниелердің бастау алып жатқаны қуантады.

Бүгінгі заман – бәсеке мен білімнің дәуірі. Осындай кезде кәсіби білімнің маңызы ерекше. Өйткені елдің дамуы да, қоғамның ілгерілеуі де білікті мамандардың қолында. Бұл орайда Нұржан Серікұлының тың идеялары мен батыл бастамалары ел игілігіне қызмет етері сөзсіз. Сондықтан кәсіби білімге назар аудару – уақыт талабы.

Бетті дайындаған Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күзлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1830

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ